Ғылым мен білім – ел дамуының қозғаушы күші

3-БЕТ

Қоғам белсенділігі жемқорлықты жеңуге себепші

4-БЕТ

Әділ билік елін дау араламайды

6-БЕТ

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯСЫ» БІЗГЕ 30 жыл 1994-2024

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№90 (3719)
22 қараша 2024

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АЛАЯҚТАРДЫҢ АЗЫҒЫ БОЛМАУЫ ТИІС

Қазақ халқының дәстүрінде қайырымдылық пен жомарттық ерекше орын алады. Жетімін жылатпай, жесірін қаңғытпай, мұқтажға қол ұшын созу – ұлтымыздың асыл қасиеттерінің бірі. Алайда соңғы уақытта қайырымдылық саласында орын алған кейбір келеңсіз оқиғалар осы түсініктерге қаяу түсірді.

(Соңы 4-бетте)

• СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Маратбек МЫҚТЫБЕКОВ,
Шымкент қаласы дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы:

«ҚАЛА СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ ЖҮЛДЕСІЗ ҚАЛҒАН КЕЗІ ЖОҚ»

– Маратбек Сәменбекұлы, халық денсаулығын жақсартуда дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамытудың рөлі өте жоғары. Бұл бағытта өзіңіз жетекшілік ететін басқармаға қарасты мекемелерде спорттың қанша түріне басымдық берілген?

– Дені сау ұлт – ел ертеңінің кепілі. Сондықтан қай мемлекетте болса да халықтың денсаулығын күтіп, қолжетімді медицинамен қамтылуына ғана емес, салауатты өмір салтын ұстап, спортпен шұғылдануына барлық жағдай жасалған. Әсіресе, кейінгі жылдары бұқаралық спортқа мемлекет тарапынан айрықша көңіл бөлініп жатқаны белгілі. Мәселен, Шымкент қаласында жалпы 33 спорттық ұйым жұмыс жасайды. Осы мекемелерде спорттың 74 түрі дамыту, қызығушылар санын көбейту бойынша жан-жақты жұмыс жүргізіледі. Сонымен бірге, Олимпиадаға дайындау, ұлттық спорт түрлеріне жаттықтыру ісімен білікті мамандар айналысады. «Ұстазы мықтының ұстамы мықты» демей ме? Біздің жаттықтырушыларымыз да Шымкенттің атын әлемге танытатын талай шәкіртті тәрбиелеп шығарына сеніміміз мол.

– Шымкент қаласының 2021–2025 жылдарға арналған даму жоспары айқындалып, онда спорт саласына қатысты нысаналы индикаторлар тізбесі бекітілгені мәлім. Осы міндетті межелердің орындалуы көңілден шыға ма?

– Спортта арнайы меженің белгіленіп, соған орай жұмыстың үйлестірілуі қалыпты жағдай. Айталық, спорт саласына қатысты нысаналы индикаторлар тізбесінде 4 көрсеткіш бекітілген. Олардың көрсеткіштері жыл қорытындысы бойынша шығарылады. Яғни, биылғы нәтижені тек келер жылы нақтылап, жетістік пен кемшілікті алдағы уақытта талқылайтын боламыз. Ал 2023 жылы біраз нәтижеге қолжеткіздік. Мәселен, былтыр аймақтағы дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың санын кемі 50 пайызға көтеру межесі айқындалған еді. Мұндай көрсеткішке жету үшін спорттың пайдасы, спорттың түрлерімен қай жерлерде тегін айналысуға болатыны туралы кең көлемді ақпараттық, насихат жұмыстары жүргізілді.

(Соңы 5-бетте)

• ТУРНИР

ТАСТАЯҚ ТАРЛАНДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Судьялар одағының орталық кеңесі бильярдтан турнир ұйымдастырды.

Судьялар қауымдастығы арасында салауатты өмір салтын дәріптеу, спорт пен пайдалы демалысты насихаттау одақтың негізгі бағыттарының бірі. Осы мақсатта түрлі спартакиадалар, веложарыстар өткізу жолға қойылып, жеңіл атлетикадан, футболдан, шаңғыдан түрлі додалардың ұйымдастырылғанына жұртшылық куә. Бұл іс-шараларға сот жүйесінің ардагерлері, судьялар мен сот әкімшілігінің қызметкерлері белсенді қатысады. Аға буын мен кейінгі буынның арасын жалғап, ынтымағын нығайтуда алтын көпірдің рөлін атқаратын спорт сайысының бірі – бильярд.

Жақында ел тәуелсіздігіне арналған іс-шаралар шеңберінде Судьялар одағының орталық кеңесі ҚР Жоғарғы Сотының ардагер судьялары арасында бильярдтан турнир өткізді. Жарысқа 16 адам қатысты.

Турнирдің ашылуында Судьялар одағының төрағасы Досжан Әмір жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Бас төреші Ерболат Жұмағұлов ойын регламенті мен ережелерін қатысушыларға таныстырды.

Турнир барысында ашылған алғашқы сайыс бильярд – бұл қолдың ептілігін ғана емес, сонымен қатар стратегияны, қарсыластың ойынын болжай білуді және тез шешім қабылдауды қажет ететін ерекше интеллектуалды ойын екенін көрсетті. Әр үстелдегі үнсіз жекпе-жекте ардагер судьялар жанкүйерлерді дәл және әдемі соққыларымен қуантып, ақыл-ойдың өткірлігін, психологиялық тепе-теңдікті сақтай отырып, қызықты ойын көрсете білді.

Турнир қорытындысы бойынша:

1 орынды – Рахымбек Мамырбаев; 2 орынды – Әуезнұр Кәженов; 3 орынды – Әбдірашид Жүкенов қанжығасына байлады.

(Соңы 2-бетте)

• ТУРНИР

ТАСТАЯҚ ТАРЛАНДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен қатар, қатысушылар мен жанкүйерлер келесі номинациялар бойынша марапатталды: «Үздік партия» – Ақылтай Қасымов, «Шебер қол» – Жолымбет Баишев, «Жұлдыздай жарқыраған» – Өміртай Ибраев, «Қарсыласын таң қалдырған шеберлік» – Ерлан Тасыров, «Ұтқыр тактика» – Әділ Құрықбаев, «Ұқыпты ойыншы» – Ғалихан Бапахов, «Жеңіске жетелеген» – Михаил Малахов, «Ұлы қолдау» – Бағдат Ахметов, «Жанкешті жанкүйер» – Амангелді Сәрсенбаев, «Белсенді жанкүйер» – Моряк Шегенов, «Команданың рухын көтерген» – Бектас Бекназаров, «Үздік жанкүйер» – Ермек Серікбаев.

Турнирдің жеңімпаздары мен белсенді қатысушылары Судьялар одағының кубоктарымен және дипломдарымен марапатталды. Ардагерлер Судьялар одағына іс-шараны ұйымдастырғаны үшін, достық жағдайда кездесуге, әріптестер арасында пайдалы уақыт өткізуге, жұмыс пен демалыс арасындағы денсаулық пен тепе-теңдікті сақтауға, тартысты ойыннан керемет әсер алуға мүмкіндік бергені үшін алғыс білдірді.

Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

• ПАЙЫМ

Сот саласы реформалардан шет қалған емес. Жаңа бастамаларға Мемлекет басшысының жолдауда берген тапсырмалары мен сот тәжірибесіндегі өзгерістер, қоғамдағы талап-тілектер түрткі болып жатады. Мысалы, 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа қосылғалы отырған дербес кассациялық соттардың құрылуына азаматтардың өтініш, тілегі, кәсіпкерлердің базынасы негіз болған еді.

КАССАЦИЯЛЫҚ ТӘРТІППЕН ШАҒЫМДАНУҒА ЖОЛ АШЫҚ

Себебі, бұған дейін кассациялық сатыда барлық істерді қайта қарауға мүмкіндік болмады. Азаматтық процестік кодекске сүйене отырып кассациялық алқа судьялары тек оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралған, татуласу рәсімдерімен аяқталған, жеке тұлғалардың талап қою сомасы 2000 АЕК-тен кем болған кезде және заңды тұлғалардың талап қою сомасы 30 000 АЕК-тен кем болған кезде ғана мүліктік мүддеге байланысты істерді қарайтын. Бұған қоса қылмыстық теріс қылықтар туралы істер де кассациялық сатыда қаралмайтын. Сотқа қатысты пікір айтқан заңгерлер, кәсіпкерлер мен қарапайым азаматтар осы мәселеге қатысты өз ұсыныстарын үнемі айтып, талқыға шығарып жүретін. Көпшіліктің пікір-тілегіне Президент те бейжай қарамай, құзырлы органдарға кассациялық сатыны жаңғырту бойынша арнайы бағыт-бағдар берген еді. 2024 жылғы 5 шілдеде Мемлекет басшысы қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң осы тапсырмалардың жүйелі орындалғанының нақты көрінісі. Бұл жаңашылдық Ата Заңымыздың 13-бабының 2-бөлігінде көзделген «әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар» деген қағидасымен өзектес.

Республика судьяларының IX съезіне қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сот төрелігіне қол жеткізуде соттардың шешіміне кассациялық тәртіппен шағымдану мүмкіндігін беру маңызды. Жақында қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша жеке-жеке кассациялық сот құруды қарастыратын заңға қол қойдым» дей келе, кассациялық соттардың кадрлық құрамы тәжірибелі судьялардан жасақталуы қажет екенін, кассациялық соттардың дербестігі азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін арттырып, инвестиция тартуға, бизнес жүргізуге оңтайлы жағдай жасайтынын атап өтті.

Жаңашылдықтың Жоғарғы Сот жүктемесін төмендетуге қауқарлы екені де талас тудырмайды. Расында, кассациялық сот әділдік қағидаттарын және құқық үстемдігін толық жүзеге асыруға ықпал ететін бірегей институт. Президент тапсырғандай кассациялық соттар халық сенімінен шығуы үшін мұнда төрелік жасайтын судьялар қатары да ерекше сүзгіден өтіп, қатаң таңдалғаны абзал.

Исағали ТҰҢҒЫШБАЕВ, Қызылорда қаласының мамандандырылған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі сотының судьясы

Бүгінде елордада қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша үш кассациялық сот құруға қатысты ұйымдастыру жұмыстары жан-жақты жүргізілуде. Кассациялық соттардың штаты шамамен 100 судьядан тұрады. Сот өндірісіне түскен істерді үш судьядан тұратын құрам қарап, төрелік жасамақ. Кассациялық соттарда іс қараудың шекті мезгілінің 6 ай деп белгіленгені де құптарлық. Бұл сот істерін созбалаңға салмауға, әуре-сарсаңды азайтуға көмектеседі.

Дербес кассациялық сот дамыған елдерде бұрыннан қолданылып келеді.

Осы елдердің оң тәжірибесін басшылыққа ала отырып жұмысын бастағалы отырған Қазақстандағы үш кассациялық сот та халықтың көңілінен шығады деген сенімдеміз.

• ОҢ ҚАДАМ

ҚазҰУ – МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин 2019 жылы кездесуінде Қазақстанға суперкомпьютер әкелу туралы келісімге қол қойған болатын. Биыл Си Цзиньпиннің Қазақстанға ресми сапары барысында мемлекет басшылары Орталық Азиядағы ең ірі суперкомпьютерді ҚазҰУ-ға орнатуға келісті. Бұл екі ел арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастықты арттыру, мемлекет басшыларының ғылым мен жоғары білім беруді дамыту бағытындағы ауқымды бастамасы болып отыр.

– Суперкомпьютер Қазақстан ғалымдарына деректердің үлкен көлемімен жұмыс істеуге, мемлекеттік органдардың түрлі жағдайларын модельдеуге және отандық IT саласын дамытуға септігін тигізеді деп күтілуде. Орталық Азиядағы ең қуатты құрылғы саналатын бұл суперкомпьютердің жоғары өнімділігі 1,94 PFLOPS-ты құрайды. Сондай-ақ әлемдегі үздік 600 суперкомпьютердің тізіміне кіреді. Қазіргі таңда құрылғыларды орнату жұмыстары жүргізілуде, ол алдағы 1-2 айда іске қосылады деп жоспарлануда, – дейді ҚазҰУ-дың IT департаментінің директоры Ғалымжан Сариев.

Оның айтуынша, суперкомпьютер ақпараттарды жинап қана қоймай, оны өңдеп, талдап, сұранысқа орай тиісті шешім ұсына алады. Онда жұмыс істейтін қазақстандықтарды қытайлық мамандар 1 айда оқытып шықпақ. Суперкомпьютер іске қосылғаннан кейін мамандар қазақстандық құзырлы органдар сұранысы бойынша жұмыс жасай бастайды.

Университет дамудың жаңа сатысында тұр

Оқу орнында заманауи үлгіде жасақталып, ерекше дизайнмен безендірілген «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығы ашылды. Жалпы ауданы 5 мың шаршы метрді құрайтын бұл орталықта креативті индустрия, жасанды интеллект, стартап жобалар жүзеге асырылады.

«Бұл орталық студенттер стартаптарынан бастап, түрлі ғылыми жобаларды әзірлеп, оларды коммерцияландырып, өнеркәсіпке және нарыққа шығаруға көмектеседі. Мұнда түрлі жоғары технологиялық компаниялар орналасқан. Солардың бірі – Қытайдың Хуавей компаниясынан кейінгі дәрежедегі технологиялық компания саналатын ZTE. Олар біздің студенттерді теория жүзінде оқытып қоймай, практиканы халықаралық сертификаттауға қатысып, жұмысқа орналастыру қызметін жасайды», – дейді ҚазҰУ-дың Ғылым және инновациялық қызмет департаментінің директоры Марғұлан Қасенұлы.

Мұнда ZTE-ден басқа BASF, Binlin секілді технологиялық корпорациялар мен өзге де шетелдік компаниялардың орталықтары мен университет базасындағы ғылыми-зерттеу институттары орналасқан. Олардың қатарында – Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығы, Ми институты, «Робототехника және мехатроника RoboMech» ғылыми-білім беру орталығы, Биология және биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институты, Сот сараптамалары орталығы, Ашық үлгідегі ұлттық нанотехнологиялық зертханасы мен Орталық Азиядағы тұрақты даму орталығы бар.

Жалпы, университет ғалымдары қазірдің өзінде құны 32 млрд теңгені құрайтын 400-ге жуық жобаны жүзеге асыруда.

Соның бірі – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіндегі Ғылым комитетінің 4 млрд теңгенің мегагранты. Батыс Қазақстан өңіріндегі стратегиялық маңызды міндеттерді шешуге бағытталған бұл жоба үш жыл ішінде жүзеге асырылады. Жоба аясында ҚазҰУ ғалымдары ағымдағы жылы батыс өңіріне барып, су тасқыны жағдайына байланысты арнайы зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын.

Екіншісі, университет зерттеушілері 3 млрд теңгенің мегагрантына қол жеткізді. Онда қазақ тілі мен технологиялық прогресті қолдауға арналған LLM тілдік моделі әзірленеді. Мақсат – қоғамның түрлі салаларына қазақ тіліндегі үлкен тілдік модельдерді әзірлеу және енгізу. Бұл технологиялық прогреске ықпал етеді және мемлекеттік тілдегі онлайн қызметтерге қолжетімділікті кеңейтеді. Жоба аясында ғалымдар ҚазҰУ базасында өнімділігі жоғары ғылыми-зерттеу дата-орталығын ашуды жоспарлап отыр.

Білім ордасы ғарышқа микроспутник ұшырмақ

ҚазҰУ 2025 жылдың басында Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетімен бірлесіп ғарышқа микроспутник ұшыруды жоспарлап отыр. Бұл ғарышты зерттеуге, аталған салада білікті мамандарды даярлауға, ортақ нано және микроспутниктерді әзірлеуге жол ашып, Жерді зерттеу жұмысын қашықтан жүргізуге мүмкіндік береді. Солтүстік-батыс политехникалық университеті ғарышқа наноспутниктерді ұшыру бойынша Қытайда көшбасшы болып табылады. Ал ҚазҰУ қазіргі таңда ғарышқа наноспутниктерді ұшыру бойынша тәжірибесі бар еліміздегі жалғыз оқу орны. Ол бұған дейін ғарышқа «Al-Farabi-1». «Al-Farabi-2» наноспутниктерін ұшырған болатын. Телеметриялық қысқа мәліметтерді алуға бағытталған бұл наноспутниктер микросхемалардың ұшу тарихын қалыптастырып, алынған тәжірибе өзге микроспутниктерді де қолдануға мүмкіндік берді. Ал бұл микроспутник наноспутниктен ірі болғандықтан, мақсаты одан да күрделі. Яғни, жер қыртысын өлшеп, бақылауға арналған.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

• ШАРА

ЖЕТІСУ ЖАСТАРЫ НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ

Жетісу облысында жастар арасында нашақорлыққа қарсы іс-шаралар кешені тұрақты ұйымдастырылуда. Жастардың бойына адамгершіліктің асыл қасиеттерін сіңіру, адам құқықтары мен бостандықтарын қадірлеу мен ұлттық құндылықтарды дамытудың маңызы артып келеді. Өйткені, әлеуметтік желілерден алынған, сүзгіден өтпеген ақпараттардың шамадан тыс көптігі өскелең ұрпаққа оң әсерімен қатар, қауіп-қатер де төндіріп отырғаны жасырын емес. Сондай жағымсыз әдеттердің бірі – нашақорлық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған жолдауында есірткі қылмысын еліміздегі өзекті мәселенің бірі ретінде атап өтіп, әсіресе, оның жастар арасында белең алуына қарсы күрес жүргізіп, жұмыстарды күшейтуді тапсырды. Осы мақсатта 2024 жылдың 11-18 қараша күндері аралығында Жетісу облысы қоғамдық даму басқармасының қолдауымен облыстың 8 аудан, 2 қаласында мектептерде оқитын жоғары сынып оқушыларымен ақпараттық кездесулер ұйымдастырылды. Онда балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар, қылмыс жасағаны үшін белгіленетін жауапкершілік пен ескірткі қолданудың денсаулыққа тигізер зияны кеңінен талқыланды. Атап айтқанда, нашақорлыққа, темекіге және құмар ойындарға тәуелділіктің зардабы кеңінен түсіндіріліп, елімізде синтетикалық ескірткіні өндіру, сақтау және таратуға қылмыстық жауапкершілік қарастырылғаны жөнінде ақпарат берілді.

Айтулы іс-шараларға жалпы 500-ге жуық оқушы қатысты. Сонымен қатар, ақпараттық рейдтер жүргізілді. Жетісу облысының 8 аудан, 2 қаласында 2000-ға жуық адамның қатысуымен 4000-нан аса брошюра таратылды, волонтерлермен және Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі уәкілдерінің қатысуымен нашақорлыққа байланысты антиграфити жұмыстары жүргізілді. 70 орталық алаңда, 43 саябақта, 166 дүкенде, 20 сауда кешенінде, 80 кафеде ақпарат таратылды.

Атқарылып жатқан жоба бірнеше мақсатты аудиторияға, соның ішінде мектеп оқушыларына, жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері және БАҚ өкілдеріне бағытталған. Бастама шеңберінде есірткінің зияны туралы хабарлауға бағытталған түрлі іс-шараларға кемінде 1000 адам тарту жоспарлануда. Бұл бағдарламаға буклет, брошюраларды, үлестірме материалдарды, бейнероликтерді және әлеуметтік желілердегі жазбаларды тарату арқылы 100 000-нан астам адам қамтылады.

А. МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

• ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

Тұтынушылардың негізгі құқықтары мен міндеттері қандай? Жыл басынан бері тұтынушылардың құқығын қорғауда қандай жұмыстар атқарылды? Шағымданған тұтынушылардың қаржысы қайтарылады ма? Осы және өзге де халықтың көкейінде жүрген көкейкесті сұрақтарға жуырда Шымкент қаласында Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Шымкент қаласы сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті бастығының орынбасары Оспан Әбиев жауап беріп, 9 айда атқарылған жұмыстарды қорытындылады.

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫН **ҚОРҒАУ МІНДЕТ**

Шымкент қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті 2024 жылдың 9 айында айтарлықтай жұмыс атқарды. Осы кезеңде департамент 3908 өтініштi қарады, оның ішінде 3274 өтініш қанағаттандырылып, жалпы сомасы 198,5 млн теңге тұтынушыларға қайтарылған. Сонымен қатар, 381 өтінішке қатысты тұтынушыларға түсіндірмелер беріліп, 116 өтініш басқа органдарға бағытталды. 41 өтініш иелеріне кері қайтарылса, 18 талап-арыз бойынша сотқа жүгінілді, оның 9-ына оң шешім қабылданып, 3 млн теңгеден астам қаражат өндірілген.

Сондай-ақ департамент «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңның негізінде 10-нан астам азаматтың құқықтары бұзылған екі жағдайды анықтап, олардың құқығын қорғау үшін сотқа жүгінді. Нәтижесінде 280 мың теңге тұтынушыларға қайтарылды. Осы жылдың қаңтар-қыркүйек айларында Шымкент қаласының Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті көптеген талап-арыздар бойынша сот отырыстарына қатысты. Нәтижесінде тұтынушылардың құқықтары қалпына келтіріліп, сот оң шешім шығарды, ал жалпы сомасы 2 774 750 теңге тұтынушыларға қайтарылды. Мәселен:

1. «Орынбасар-Сұлтан» ЖШС қызметі бойынша – департамент сотқа тұтынушылар тобының атынан талап-арыз беріп, 115 000 теңге сомасында өтемақы қайтарылды.

2. «SC CRAND» ЖШС қызметі бойынша – тұтынушылар тобының арызымен сот шешімі арқылы 165 000 теңге қайтарылды.

3. ЖК «Samurug Grup» және С.К. Алтынбекова арасындағы іс – сапасыз аяқ массажы құрылғысы үшін 343 000 теңге қайтарылды.

4. «Компания Эврика» ЖШС және В.В. Марков арасындағы істе жарамсыз теледидар үшін 375 000 теңге өтемақы төленді.

5. «Белый Ветер» ЖШС-мен болған дауда – сапасыз компьютер үшін 506 750 теңге, моральдық залал үшін 50 000 теңге, және өкілдік шығындар үшін 150 000 теңге қайтарылды.

Бұл істерде Шымкент қаласының Сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаменті белсенді түрде тұтынушылар құқығын қорғап, тұрғындардың материалдық шығындарын қайтаруға елеулі үлес қосты. Сонымен қатар, аталған брифингте белгілі болғаны, биылғы 9 айда Шымкент қаласының Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында 4069 ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын өткізді. Оның ішінде БАҚ-та сөз сөйлеулер саны – 161, жарияланымдар саны – 254. Әлеуметтік желілерде де белсенділік жоғары болды: Инстаграмда 1818, Фейсбукта 1817 жазба жарияланып, жалпы саны 3635-ке жетті. Бұдан бөлек, тұрғындар мен кәсіпкерлерге түсіндіру мақсатында 19 брифинг өткізілді. Сондай-ақ, тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жеңілдету үшін «Е-тұтынушы» ақпараттық жүйесі арқылы белсенді жұмыс атқарылды. Осы платформада тіркелген пайдаланушылар саны 5774-ке жетіп, 1206 кәсіпкерлік субъектісі тіркелді. Тұтынушылардың өтініштерін қарастыру мақсатында бірыңғай жүйе арқылы 178 өтініш түсіп, тиісті шаралар қолданылды.

Департамент өкілдері Шымкентте «Тұтынушыларды бақылау» атты бірнеше қоғамдық бірлестік бар екенін ескертті және халықтан оларды департаменттің ресми өкілдерімен шатастырмауларын да сұрады. Егер осы бірлестіктер тарапынан заңсыз әрекеттер байқалса, 8 7252 53-07-04 және 8 7172 74-98-32 сенім телефондарына хабарласуға болатынын жеткізді.

Раушан НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

• РУХАНИЯТ

«ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ МӘДЕНИ АСТАНАСЫ» МӘРТЕБЕСІ ҚАБЫЛДАНДЫ

Түрікменстанның Ашхабад қаласында «Анау – түркі әлемінің мәдени астанасы – 2024» жылының жабылу салтанаты өтті. Шарада маңғыстаулық делегация Түрікменстанның Анау қаласынан «Түркі әлемінің мәдени астанасы» мәртебесін қабылдап алды. Іс-шарада өнер көрсеткен маңғыстаулық делегация Ақтауға келді.

Маңғыстаулық өнерпаздарды әріптестері әуезді әнмен қуана қарсы алды. «Жорға» би ансамблінің көркемдік жетекшісі Серік Сариевтың айтуынша, халықаралық деңгейдегі шарада достық және ынтымақтастық атмосферасы қатты сезілді.

«Өнерпаздармен бірге тарихи сәттің куәсі болдық. Жалпы, шара аясында Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия және Түрікменстанның түкпір-түкпірінен келген аспапшылар мен әншілердің шеруі ұйымдастырылды. Халықаралық деңгейдегі шарада достық және ынтымақтастық атмосферасы қатты сезілді. Біз бұл шараға үлкен дайындықпен 20 өнерпаз болып бардық. Оның ішінде «Ақшағыл» этнофольклорлық ансамбльдің 2 өнерпазы бірнеше аспапта ойнау арқылы қойылымды ерекшелендірді. Ал біздің мақтанышымыз Айгүл Қосанова мен «Жорға» би ансамблі көрермендерге біріккен қойылымды паш етті. Сондай-ақ, шарада Маңғыстау өңірі туралы бес минуттық фильм көрсетілді», – деді «Жорға» би ансамблінің көркемдік жетекшісі Серік Сариев.

Халықаралық деңгейдегі шарада өнер көрсеткен ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Айгүл Қосанова жас Ақтау қаласы үшін осындай іс-шараны қолға алу үлкен жауапкершілік екендігін атап өтті.

«Біз «Ақтау қаласы – 2025 жылғы Түркі әлемінің мәдени астанасы» мәртебесі табысталған тарихи сәттің куәгері болып, шарада өнер көрсеткенімізге қатты қуаныштымыз. Түркі тілдес халықтардың бауырластығы мен достығы көп нәрсені аңғартады. Ақтау қаласы үшін осындай іс-шараны қолға алу үлкен жауапкершілік және елімізге берілген құрмет деп есептеймін», – деді Айгүл Қосанова.

«Ақтау – Түркі әлемінің мәдени астанасы» мерейлі жылы аясында 2025 жылдың наурыз айынан бастап Ақтау қаласында аталған іс-шараның салтанатты ашылуы және түркітілдес мемлекеттер өнерпаздарының қатысуымен тағылымды іс-шаралар ұйымдастырылады.

Жазира ҚУАНЫШБЕКҚЫЗЫ

• КОНФЕРЕНЦИЯ

ҒЫЛЫМ МЕН **БІЛІМ –** ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде өткен «Өнеркәсіптік технологиялар және инжиниринг – ICITE–2024» атты XI халықаралық конференцияда аса маңызды экономикалық тақырыптар төңірегінде қордаланған мәселелер талқыға түсті. «Бейбітшілік және даму үшін» деген атаумен Дүниежүзілік ғылым күніне орай өткен басқосу жоғары оқу орны алаңында оффлайн және онлайн режимде ұйымдастырылды. Шараға Ресей, Малайзия, Өзбекстан секілді елдердің ғалымдары қатысып, қазіргі заманға сай өнеркәсіптік мамандар даярлау ісін талқыға салды.

Халықаралық конференцияның ғылым, білім, медицина, биотехнология, химиялық технология, құрылыс, құрылыс материалдары, агроөнеркәсіптік кешен, тамақ өнеркәсібі, тоқыма өнеркәсібі технологиялары, механика, экология, табиғи ресурстарды рационалды қолдану, жаңартылатын энергия көздерін, энергия үнемдейтін технологиялар және IT технология сияқты бүгінгі күні елдің дамуына аса зор ықпал ететін салалар бойынша зерттеулер нәтижесі талқылануға бағытталыпты.

Халықаралық жиын барысында жоғарыда аталған салаларда ірі жетістіктерге жеткен ғалымдар, сондай-ақ «Қазфосфат» ЖШС, «ҚазАзот» ЖШС, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, Еуропалық комиссия, Путра Малайзия университеті, Шеньян химия-технологиялық университеті, И.Каримов атындағы Ташкент мемлекеттік техникалық университеті, Вулверхэмптон университеті, Эгей университеті, Иваново мемлекеттік политехникалық университеті, Беларусь мемлекеттік технологиялық университеті, Беларусь ұлттық техникалық университеті, «Мәскеу энергетика институты» Ұлттық зерттеу университеті, Д.И. Менделеев атындағы Ресейдің химиялық-технологиялық университеті мен Санкт-Петербург мемлекеттік технологиялық институтының өкілдері экономикалық дамудың сан-салалары турасында баяндамаларын оқып, заман талабына сай мамандар оқыту мен жаңа технологиялар жасаудағы техникалық жоғары оқу орындарының маңызы мен рөлі туралы ойларын ортаға салды.

Мәселен, Путра Малайзия университетінің ғалымы Мухаммад Мух Насир ауыл шаруашылығы саласындағы инновациялық технологияларды пайдаланудың артықшылығы туралы ғылыми тұжырымдамаларымен бөлісті. Оның айтуынша бүгінде Оңтүстік Шығыс Азияның дамыған елдерінің бірі – Малайзияда 690 мың гектар күріш алқабы бар. Оларды суару үшін мол су керек. Сондықтан суды үнемдеу технологиясын қолданудың маңызы зор. Ғалым суды үнемдеудің жолдары мен ескерілген тұстар жайлы кеңінен әңгімелеп берді.

– Су үнемдеу технологиясын қолдану өте маңызды. Ал оны біз гидрологиялық модельдеу арқылы іске асырып жатырмыз. Мұнда жерасты сулары, жауын-шашын мөлшері, өзен-көлдердің су толымдылығы бәрі-бәрі ескеріледі», – дейді Мухаммад Мух Насир.

Жалпы, Путра Малайзия университеті Оңтүстік-Шығыс Азияда орналасқан бұл елде ең үздік алғашқы 5 жоғары оқу орындарының қатарына кіретінін атап өткен жөн. Аталған жоғары оқу орны дүниежүзілік университеттер рейтингінде 158-орында.

Бұдан бөлек, Ислам Каримов атындағы Ташкент мемлекеттік университетінің ғалымдарының бірі Гүлнара Ихтиярова аталған техникалық жоғары оқу орнының мүмкіндігі туралы баян етті. Ғалымның айтуынша ғасырдан астам тарихы бар университетте геология, бағдарламалау, цифрландыру, жасанды интеллект, баламалы қуат көздері сынды мамандықтар бойынша студенттер кеңінен білім алады. Сонымен бірге Жапонияның іргелі оқу орындарымен тығыз қарым-қатынас жасалған. Соның нәтижесінде студенттер аталған университеттен бөлек күншығыс еліндегі жоғары оқу орындарында да білім алып, тәжірибе жинайды. Университеттің ендігі мақсаты – әлемдегі ең озық жоғары білімді мамандар даярлайтын оқу ордаларының қатарына ену.

Сондай-ақ конференция шеңберінде Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан, Ислам Каримов атындағы Ташкент мемлекеттік және Дмитрий Менделеев атындағы Ресей химия-технологиялық университеттері арасында химиялық технология бойынша академиялық хаб құру туралы меморандумға қол қойылды.

Өңірдің экономикалық және әлеуметтік дамуына тың серпін беретін мұндай шаралардың маңыздылығы аса жоғары. Өйткені ғылым мен өндірістік сала бір-бірімен үндесіп ғылыми жаңалықтар іс жүзінде тәжірибеге енген жағдайда ғана елдің экономикасы өрлеп, табысты нәтижеге жете алады.

Майра ҚУАНЫШҚЫЗЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АЛАЯҚТАРДЫҢ АЗЫҒЫ БОЛМАУЫ ТИІС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жақында әлеуметтік желілерде Перизат Қайрат есімді азаматшаның қайырымдылық мақсатында жиналған 1,5 миллиард теңгені жеке бас пайдасына жұмсағаны туралы ақпарат тарап, қоғам белсендісі ұсталып, тергеуге алынды. Бұл оқиға қоғамда үлкен резонанс тудырып, қайырымдылық қорларының қызметіне деген сенімге түскен селкеу түсірді. Бұл күдік өзге де қорлар қызметіне тексерістер қажеттігін көрсетті. Қор ұйымдастырған конкурстарда жеңімпаздардың өз қызметкерлерінің туыстары болуы, шетелге бизнес-класс билеттерімен ұшуы және қымбат мейрамханалардан тамақтануы, шетелден жылжымайтын мүліктер сатып алу сияқты деректер көптеп шыға бастады. Осы ретте, біраз уақыт бұрын Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева қайырымдылық мақсатында ақша жинауды реттеу мәселесіне қатысты пікір білдірді. Оның айтуынша, қайырымдылық көмек көрсету механизмдерін жетілдіру қажет, себебі алаяқтық фактілері тіркелуде. Министр бұл мәселені азаматтық қоғам институттарының кеңінен қатысуымен талқылау қажеттігін атап өтті.

Министр Аида Балаева қайырымдылық жүйесін жетілдірудің басты мақсаты – азаматтардың сенімін қорғау және жиналған қаражаттың шынымен мұқтаж жандарға жетуін қамтамасыз ету екенін атап өтті. Бұл ретте алаяқтық фактілерінің жиі орын алуына байланысты нақты механизмдер енгізу қажеттілігі туындаған. Қайырымдылық саласындағы алаяқтықты болдырмау үшін халықтың ақпараттық сауаттылығын арттыру маңызды. Жеке тұлғаларға немесе күмәнді ұйымдарға ақша аударудан бұрын, олардың заңдылығын және қызметінің ашықтығын тексеру қажет. Сонымен қатар, қайырымдылық қорларының қызметін қатаң бақылауға алып, заңсыз әрекеттер анықталған жағдайда қатаң шаралар қолдану керек. Қоғамдағы алаяқтықтың жиі орын алуы, әлеуметтік желілерде жарияланған жарнамалардың көбейіп, халықтың осал тұстарын пайдаланып, қаржылық алаяқтардың әрекет етуіне жағдай жасап отыр. Белгілі журналист Аружан Елемесова да осы мәселені көтеріп, халықты алаяқтықтан қорғаудың қажеттігін айтты. Оның пікірінше, қайырымдылықпен айналысатын арнайы ұйымдар заңды түрде тіркеліп, қоғам алдында ашық болуы тиіс. Ал жеке тұлғалардың жобаларын қолдау шектелуі қажет, себебі бұл жүйе халықтың сенімін қайта қалпына келтіруге септігін тигізеді.

Қазақстанда қайырымдылық саласына қатысты жаңа заңнамалық өзгерістер әзірленуде. Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның мәлімдеуінше, қайырымдылыққа ақша жинау тәртібін реттеу және жетілдіру үшін арнайы жұмыс тобы құрылған. Жұмыс тобы қазіргі уақытта қайырымдылық саласындағы барлық ұсыныстарды қарастыруда. Олар дайын болғаннан кейін тиісті заңнамалық өзгерістер енгізіледі деп күтілуде. Бұл өзгерістер қайырымдылықпен айналысатын ұйымдар мен жеке тұлғалардың қызметін ашық әрі заңды етуге бағытталған. Сонымен қатар, министр бұл шаралар қайырымдылық мақсатындағы қаражаттың тиімді және әділ бөлінуіне ықпал ететінін айтты. Әлеуметтік желілер мен қоғамда бұл бастамаға қатысты пікірлер екіге бөлінді. Кейбір азаматтар қайырымдылыққа қойылатын қатаң талаптар көмекке мұқтаж адамдарды қолдауға кедергі келтіруі мүмкін деп алаңдауда. Ал басқалары мұндай қадамды дұрыс деп есептеп, қаржылық ашықтықтың және бақылаудың қажеттілігін қолдайды. Қазақстанда қайырымдылық жүйесін реттеуге бағытталған бұл бастамалар қоғамның сенімін арттыру және көмекті нақты мұқтаж жандарға жеткізуді қамтамасыз ету үшін маңызды. Алайда, жаңа тетіктерді енгізу кезінде олардың артықшылықтары мен кемшіліктері мұқият ескеріліп, азаматтық қоғаммен тиімді диалог орнату қажет.

Тақырыпқа орай

Аружан ЕЛЕМЕСОВА, журналист:

АҚПАРАТ АРҚЫЛЫ АЛДАНБАУДЫҢ ЖОЛЫН КӨРСЕТУІМІЗ КЕРЕК

– Қайырымдылыққа қатысты көтеріліп жатқан жаңа заң жобасын қолдаймын. Елімізде соңғы болып жатқан жаңалықтардан хабарым бар. Біздің қоғам ақпаратты сараптай алмайды. Ненің өтірік, ненің шын екенін білмей, түрлі алаяқтарға ұрынып, соңы алданумен аяқталады. Жалпы, бұл тұста бізге, яғни, ақпарат таратушы мамандарға да көбірек жұмыс жасау керек деп санаймын. Халыққа жарнама тілін түсіндіріп, ақпарат арқылы адам санасына әсер ету жайлы көбірек жазатын болсақ, бәлкім көздері ашылар ма еді? Білмегеннен алаяқтардың құрығына түсіп, көп адам зардап шегуде. Ал ауқымды аудиториясы бар блогерлер халықтың осы бір осалдығын пайдаланып, өз қалталарын толтыруда. Елімізде қайырымдылықпен айналысатын арнайы ұйымдар бар. Олар заң жүзінде тіркелген және мемлекетке әр түскен тиынына дейін есеп береді. Міне, дәл солай жақсылық жасаймын деушілер заңды түрде тіркеліп, қалай жасағысы келсе де жасай берсін. Бірақ барлығы да заң шеңберінде әрі қоғам алдында ашық болуы қажет. Жеке тұлғалардың жобасын қолдап, қалтасын ақшамен толтыруды тоқтатуымыз қажет деген пікірді ұстанамын.

Бекзат-Саттархан ҚАЛДЫБЕКҰЛЫ, журналист:

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЛАРЫН ТОЛЫҚТАЙ ТЕКСЕРІСТЕН ӨТКІЗУ ҚАЖЕТ

– Қазақ қашанда жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған халық. Көмек керек болса, қалтасындағы соңғы тиынына дейін беру – қазақтың дархандығы мен кеңдігінің бір белгісі. Дегенмен, «Аңқау елге арамза молда» дегендей, жақсылыққа, қайырымдылыққа деп берген халықтың қаражатын талан-таражға салып жатқандарды көріп, жағаңды ұстайсың. Кеше ғана әлеуметтік желіде желдей ескен «1,5 миллиард теңгені өзінің жеке бас пайдасына жұмсады» деп айыпталып жатқан Перизат Қайрат есімді қыз жайлы жаңалықты мен де көрдім. Әрине, валонтерлардың да отбасылары, бала-шағалары бар. Оларды да асырау қажет. Дегенмен, ойға қонымды айлық алып, жұмыс істесе түсінемін. Бірақ, 1,5 миллиард деген сұмдық қой. Бір мектептің құрылысына жететін қаржы. Қаншама аш отырған балалардың тамағынан жырып алған ас қалай тамақтарынан өтеді екен? Түсінбеймін… Қайырымдылық көмек материалдық тұрғыда мұқтаждарға ғана емес, моральдық тұрғыда да теріс әрекеттерді жасап жүргендерге қажет емес. Меніңше, осындай қайырымдылық қорларын толықтай тексерістен өткізу қажет. Егер халықтың ақшасын жеген жағдайда, қатаң түрде жазалау керек деп ойлаймын.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

• ПІКІР

Мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

АЗАМАТТЫҚ АЛҒЫШАРТ ТІЛДІ ҚҰРМЕТТЕУДЕН БАСТАЛАДЫ

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру Қазақстанның әрбір азаматының парызы.

Қылмыстық-процестік кодексінің 30-бабына сай Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады. Яғни, жоғарыда аталған заң талаптарынан қазақ тіліне басымдық берілетіні көрініп тұр. Дегенмен, осы мәселеде аса көп ілгерілеушілік байқалмайды, қалалық соттарда, әртүрлі аймақтарда орыс тілінің басымдығы әлі де көзге анық байқалып тұрады.

Әрине бұрынғыға қарағанда жағдай тіл мәселесінде жақсарып келеді. Бұл ҚР Жоғарғы Сотының нақты, табанды жұмыстарының арқасында болып отыр. Сонымен қатар, жалпы тіл мәселесінде іс жүргізу үшін қатынас қағаздарын мемлекеттік тілде толтыру үлкен рөл атқаратынын ескеру қажет.

Яғни, соттардың іс қағаздарын қазақша жүргізуі төменнен, кеңседен басталуы тиіс, қатынас қағаздарын мемлекеттік тілге толықтай көшіру қазақ тілінің мәртебесін асырудың алғышарттарының бірі. Бұл ретте, қазақша мәтін сөзбұйдаға, солбалаңшылыққа, көп сөзділікке салынбай, нақты, қысқа, түсінікті тұжырым түрінде болуына аса күш салыну керек. Ол үшін нақты мәтіндер ұсынылса дұрыс болар еді.Осындай жағдайларда қазақ тілі барлық соттарда тұрақты қолданысқа ие бола бастайды деп сенеміз. Әйтпесе тіл мәселесі айта-айта жауыр болуға айналды, сөзден іске көшетін уақыт келді.

Нұрлан БАҚТЫҒАЛИЕВ,
Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

• БІТІМ

МЕДИАТОРҒА ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЛЕДІ

Медиацияда – тараптардың өзара келісімі бойынша таңдалған, медиаторлар тізіліміне қосылған және медиатордың функцияларын орындауға келісім берген жеке тұлға медиатор бола алады. Медиаторлар екіге бөлінеді: олардың бірі медиация мәселесі бойынша арнайы білім алып, тәжірибе жинақтаған кәсіби медиатор, ал, екіншісі – кәсіби емес медиатор.

Заңда көрсетілгендей, медиаторлықты таңдаған адам өз қызметін кәсіби де, кәсіби емес негізде де жүзеге асыра алады. Жоғары білімі бар, жасы 25-ке толған, ҚР Медиаторлар одағынан арнайы оқудан өткен кез келген тұлға кәсіби медиатор бола алады. Ал кәсіби емес медиаторлықпен 40 жасқа толған, халық арасында беделді, адамгершілігі жоғары, ары кіршіксіз адамдардың айналысуына толық мүмкіндік бар. Олар тұрғындар жиынының ресми хаттамасы арқылы жергілікті атқару органдарына тіркелуі тиіс және де заңгер мамандығы болуы міндетті емес. Медиаторлар өз қызметтерін тек қана жеке құқықтық қатынастар бойынша жүргізеді. Мыналар: мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті және оған теңестірілген, заңда белгіленген тәртіппен сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған, оған қатысты қылмыстық құдалау жүзеге асырылатын, заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам медиатор бола алмайды.

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қолжеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Яғни, медиация – үшінші бейтарап көзқарасты ұстанатын медиатордың қатысуымен дау-жанжалдарды шешудің баламалы әдісі, оны тараптарды өзара келістіру тәсілі немесе мәмілегер, бітімгер деп түсіну абзал. Ол екі жақтың еріктілік, құпиялық, теңқұқылығын сақтай отырып, тараптардың өзара тиімді бітімге келуіне жол ашады.

Е.УШБАЕВ,
Шахтинск қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

• КЕСЕЛ

ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІЛІГІ ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖЕҢУГЕ СЕБЕПШІ

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бүкіл әлемдегідей Қазақстанда да күрделі мәселе. Бұл әлемнің кез келген елін бір-бірінен саяси дамуымен ерекшеленділіретін үлкен әлеуметтік трагедия.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін айтарлықтай төмендетеді, қоғамдағы оң демократиялық өзгерістерді жүзеге асыруға кедергі келтіреді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді. Ең бастысы, бұл адамдардың қоғамның демократиялық принциптеріне, заң мен құқықтың үстемдігіне, билікке деген сенімін төмендетеді. Халық пара алудан жиі зардап шегеді. Сондықтан біз кез келген ортада парақорлық пен бопсалаудың алдын алуда қоғам ретінде белсенді болуымыз керек.

Азаматтарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін сыбайлас жемқорлықты елдің дамуын тежейтін өте қауіпті әлеуметтік ауру деп тану қажет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет адамның құқықтық сауаттылығына байланысты төмен немесе жоғары болуы мүмкін. Ел заңдарын жақсы білу әркімнің өз іс-әрекетіне деген сенімін нығайтады.

Біздің бірлігіміз мызғымас ұғымдардан көрінеді: пайдасыз дос болу, шын жүректен сүю, адал еңбек ету – бұл лайықты өмірдің шарттары.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ!

Мариям АЙТЕНОВА,
Ақтөбе қаласы №2 сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы

• ҚЫЗМЕТ

СОТТЫ СЫЙЛАУ – ЗАҢДЫ СЫЙЛАУ

Аудандық және оған теңестірілген сот әкімшісінің сот приставы – мемлекеттік қызметшінің бірі, өзіне заңмен жүктелген міндеттерді орындайтын лауазымды адам.

Сот отырысы кезінде залда қоғамдық тәртіпті сақтайды, сотқа процестік әрекеттерді орындауда жәрдемдеседі, соттарда судьялар мен процеске өзге де қатысушыларды күзетуді жүзеге асырады, төрағалық етушінің өкімдерін орындайды, өзіне заңмен жүктелген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақтың «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген нақыл сөзінде айтылғандай, қара қылды қақ жарып, әділін айтқан судьяны жеңілген тарап та, оның жақтастары да жақтыра бермейтіні белгілі. Кей жағдайда сот залында судьяның айтқан ескертулеріне құлақ аспай, дауыс көтеріп, айқай-шу шығарып, соңы күтпеген оқыс оқиғаларға ұласатын жағдайлар да болады.

Айсұлтан САНДУАҚАС,
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының аға сот приставы

Әрбір азамат сотты құрметтеп, уәждеріне құлақ асып, сөзге тоқтап, заңды сыйлай білсе нұр үстіне нұр.

Маратбек МЫҚТЫБЕКОВ,
Шымкент қаласы дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы:

«ҚАЛА СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ **ЖҮЛДЕСІЗ ҚАЛҒАН** КЕЗІ ЖОҚ»

Бүгінгі таңда қала спортшылары республикалық және халықаралық жарыстарға қатысып, тек биылдың өзінде 2144 жүлделі орын алып, медальдарға ие болған. Оның ішінде Қазақстан Республикасының чемпионаттарында 668 алтын, 557 күміс, 669 қола қоржынымызға түсті. Өрендеріміз Азия чемпионаттарында 68 алтын, 60 күміс, 39 қола, Әлем чемпионаттарында 32 алтын, 25 күміс, 16 қола медальды қанжығасына байлады.

(Соңы. Басы 1-бетте)

Азаматтардың спортқа деген ынтасын, қызығушылығын арттыру мақсатында бірқатар шаралар қолға алынды. Нәтижесінде Шымкенттегі спортты серік еткендер саны 42,2 пайызды құрады. Бұл жаман көрсеткіш емес. Десек те, салауатты өмір салтына үндейтін жобалар мен бастамалар туралы үздіксіз ақпарат таратудың тұрғындар үшін маңызы зор.

Ал екінші көрсеткіш халықты спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуді көздейді. Бұл бағытта да қалада ауқымды жұмыстар жасалуда. Соның ішінде спорттық кешендерден бөлек, тұрғын аулаларында тұрғындардың қарапайым дене шынықтыру жаттығуларын жасауына жағдай туғызу мәселесі ретімен шешімін тауып келе жатқаны қуантады.

Үшінші көрсеткіш барысында мүмкіндігі шектеулі жандардың спортты серік етуіне қолайлы орта қалыптастыру мақсат етілген. Өздеріңіз білесіздер, әлемдегі мемлекеттердің бәрі мүмкіндігі шектеулі жандардың олимпиадаға қатысып, денсаулығын жақсартуына, өмірден өз орнын тауып, болашаққа деген қызығушылығын арттыруға мүдделі. Спортпен айналысуға ынталы жандарға барынша қолайлы жағдай туғызып, олардың қозғалысына, азаматтармен еркін араласуына кедергі жасалмауы керек. Бұл жерде мүмкіндігі шектеулі жандардың күтімін жасап отырған туыстарының да ықпалы айрықша. Өйткені, көп ретте кемтар жандардың көңілі қалаған іспен айналысып, спортқа бейімделуі туыстарының қолдауына байланысты. Сондықтан, біз мүгедек жандардың күтімін жасаушыларды да ақпараттандыру, жауаптылығын көтеру бағытында кешенді жұмыстар жүргіземіз. Осындай ынта-жігердің арқасында қала аумағында спортпен айналысатын мүмкіндігі шектеулі адамдардың саны 2 798 адамға жетті. Біз қазір ерік-жігері мықты, спортпен айналысуға күш тапқан осы жандарды қоғамға таныстыруға, істерін үлгі етуге басымдық беріп отырмыз. Мұндай іс-шаралар спортпен айналысып жүрген мүмкіндігі шектеулі жандардың өзін ғана емес, айналасындағы тағдырлас жандардың да мерейін өсіріп, болашаққа деген сенімін нығайтады. Әрі бұл үрдіс ерекше қажеттілігі бар азаматтардың спортқа көптеп келуіне ықпал етері талассыз.

Ал төртінші көрсеткішке сай аймақтағы 14 пен 18 жас аралығындағы жастарды спортқа тарту көзделген. Жастар – елдің тірегі. Жас буынның бос уақытын спортқа арнауы, буырқанған бұла күшін спорттағы биік межелерді бағындыруға арнауы өзі үшін де, ел үшін де тиімді. Бақылаусыз қалған, бос уақытында немен айналысарын білмеген балалардың теріс жолға түсуі оңай. Сондықтан, ұлқызының ертеңіне алаңдаған ата-ана спортқа көңіл бөлгені жөн. Баласының қабілет-қарымына қарай спорт түрін таңдап, үйірмелерге тұрақты баруына қолдау көрсеткен ата-аналар жастарды қоғамдағы теріс тәрбиеден алыстатады. Шымкентте бұл мәселеге үлкендердің бей-жай қарамайтыны қуантады. Соның арқасында мектеп, колледждерде білім алып жүрген балалардың басым бөлігі спорттық үйірмелерге барып, уақытын тиімді өткізіп қана қоймай, талай додалы жарыстарда қаланың намысын қорғап жүр. Жеңімпаз жастардың өзге балалардың спортқа келуіне стимул болып отырғаны қуантады.

– Аймақта спортты қолдауға бөлінетін қаржы жеткілікті ме?

– Спортқа бөлінетін қаржы мен қолдау аз дей алмаймыз. Мысалы, биыл бұл салаға 31 млн теңгеге жуық қаржы берілді. Былтырғымен салыстырғанда қаржы көлемі жоғары. Әрине, Шымкент сияқты ірі мегаполисте салауатты өмір салтын ұстанатын азаматтар қатарын көбейтіп, әлемдік додаларда Қазақстан қоржынына жүлде салатын өрендердің санын арттырғымыз келсе, спортты дамытуға бөлінетін қаржы мен қолдау өсе бергені жөн.

– Спорттық іс-шараларға тоқтала кетсеңіз.

– Жыл басынан бері қала тұрғындары арасында салауатты өмір салтын насихаттау, дене шынықтырумен шұғылдануға тарту мақсатында қала аумағында халықаралық, республикалық, қалалық және бұқаралық деңгейде 257 спорттық іс-шара өткізіліп, оған 31 мыңға жуық адам қатысты. Оның ішінде, ауқымды спорттық іс-шаралар аз емес. Мысалы Наурыз мерекесі аясында ұлттық спорт түрлерінен өткен жарыс кең масштабты қамтыды. Бұл түсінікті де. Өйткені, Наурыз мерекесін айшықтап атап өтудің алғашқы лайықты бағдарламасы Шымкент қаласынан бастау алғаны жұртшылыққа мәлім. Ал мұндай тамаша мерекенің ұлттық спорт түрлерінсіз өтуі мүмкін емес. Біз осы шара арқылы ұлттық спорт түрлерін танытуға, көпшіліктің қызығушылығын арттыруға қолжеткіздік. Сондай-ақ бәйгеден Қазақстан Республикасының чемпионаты да Шымкентте өтті. Садақ атудан халықаралық турнирдің де біздің аймақта жалау көтергенін мақтаныш етеміз. Қазақ күресінен «Шымкент Барысы» жобасының қолға алынғанынан көпшілік жақсы хабардар. Бұл жоба да қаланың өз балуандарының қалыптасуына ықпалын тигізді. Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметшілер арасында спартакиада; бұқаралық ақпарат құралдары қызметшілері арасында спартакиада өткізуді де дәстүрге айналдырдық. Мұндай шаралар әріптестік байланысты нығайтып, қызмет пен спортты қатар алып жүретін әмбебап мамандардың санын арттырады.

Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына арналған волейболдан ашық біріншілік; «Шымкент марафоны – 2024»; «Қазақстан Республикасының Конституциясы күні» мерекесіне орай кіші футболдан құқық қорғау органдары мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметкерлері арасындағы чемпионат та өз деңгейінде өткен, қала тұрғындарының қызығушылығын арттырған шаралардың бірі болды. Ал «Аула чемпионаты» қаладағы 34 жерде өткізіліп, оған жалпы 1200-ден аса бала қатысты. Тұрғындардың көңілінен шыққан бұл шара бүгінде жүйелі түрде өткізілуде. Сонымен қатар, ардагерлер арасында бильярд, шахмат, үстел теннисі секілді спорт түрлерінен жарыстар өткізуді де жолға қойып отырмыз. Мұндағы мақсат қазыналы қарттарымызға көңіл бөлу, оларды спортқа тарту арқылы денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беру. Қолдау мен қамқорлыққа риза болған ардагерлердің спорт басқармасы қызметкерлеріне айтар алғысы шексіз.

Жылдың соңына дейін мектеп оқушылары арасында «Шымкент жастар Лигасы», жас ерекшеліктері бойынша футболдан лига жарысы, спорт мекемелері қызметкерлері арасында спартакиада жарысы, жоғары және орта оқу орындарының студенттері арасында спорт түрлерінен спартакиада, веломарафон, «Тартыл фест», ардагерлер арасында волейболдан турнир, т.б. спорттық іс-шаралар өткізу жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта бұқаралық спортты дамыту аясында «Шымкент қаласының дене шынықтыруды дамыту және іс-шараларды өткізу дирекциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз жұмысын бастады. Бұл мекеме бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізумен қатар, қаладағы саябақтарда таңғы жаттығу ұйымдастыруда.

– Балаларды спортқа баулуға қаншалықты көңіл бөлінген?

– Мемлекеттің спорттық тапсырысына сай биыл 18 спорт түрі бойынша 18 214 бала секциямен қамтамасыз етілген. Балалар 15 жазғы олимпиадалық (баскетбол, бокс, еркін күрес, грек рим күресі, волейбол, көркем гимнастика, дзюдо, каратэ, таэквондо, жеңіл атлетика, теннис, үстел теннисі, футбол және жүзу), 2 олимпиадалық емес (футзал, шахмат) және 1 ұлттық (қазақ күресі) спорт түрінен спорттық секциямен қамтылуда. Келесі жылы мемлекеттік спорттық тапсырысты жүзеге асыруға бұдан да зор көңіл бөлінеді деп ойлаймыз.

– Қалада спорт ғимараттары жеткілікті ме?

– Дене шынықтыру болсын, бұқаралық спорт болсын бәрінің ілгерілеуі қаламыздағы спорттық инфрақұрылымның дамуына байланысты. 2023 жылдың қорытынды есебі бойынша қалада спорт ғимараттарының саны 772 бірлікті құрады. Осы спорт нысандарының 98-і жекеменшік қолында. Қазіргі уақытта, қаламызда 4 стадион, 1 спорт (мұз) сарайы, 2 құрама командалардың оқу-жаттығу орталығы, 6 спорттық құрылғылар кешені, 21 спорт кешені, 48 спорттық манеж (жеңіл атлетикалық – 3, футбол – 44, ат манежі – 1), 1 есу базасы, 5 тир, 7 ату алаңы, 1 хоккей корты, 634 жазықтық құрылғылар (оның ішінде: 8 street workout алаңша бар), 23 теннис корты, 1 ипподром, 18 бассейн бар. Олардың дұрыс жұмыс істеуіне, тазалығына, күтіміне, қауіпсіздігіне ұдайы назар аударылатынын айта кеткен жөн.

– Ал спорттық инфрақұрылымды дамыту қалай жүзеге асуда?

– Қазіргі уақытта жеке кәсіпкер тарапынан «ЕЛАМАН» спорт кешені пайдалануға берілді. Онда спорттың ойын, жекпе-жек түрлеріне арналған 3 спорт залы және 1 бассейн қарастырылған. Сондай-ақ қалалық №12 спорт мектебінің және «SPORT LIFE» кіші футбол орталығының құрылысын аяқтап, жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Оған қоса, сәуір айында №15 балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің құрылысы басталды. Құрылыстың жалпы құны 1,7 млрд теңге, оның аяқталу мерзімі 2025 жылға межеленіп отыр. Сонымен қатар, бүгінгі таңда сыйымдылығы 35 мың адамды құрайтын әрі FIFA талаптарына сәйкес келетін жаңа футбол стадионының құрылысы басталғанын айта кеткен абзал.

Қаланың Тұран шағын ауданында мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған «Паралимпиадалық, сурдолимпиадалық спорт кешені» құрылысын 2025–2026 жылдар аралығында жүргізу жоспарлануда. Қазіргі таңда нысанның құрылысын жүргізу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Бұл да мүмкіндігі шектеулі жандарға деген мемлекет қамқорлығының айқын көрінісі.

Қазіргі уақытта, қала орталығынан шалғай орналасқан елді мекендерді спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін жер телімдерін қарастырып, заңдастыру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда: Абай ауданы, Қайнарбұлақ тұрғын алабы, Тұран ауданы, Ақтас тұрғын алабы, Еңбекші ауданы, Бадам 2 тұрғын алабында алдағы уақытта спорттық кешендер бой көтермек.

– Шымкенттіктердің спорттағы жетістіктері қандай?

– Бүгінгі таңда қала спортшылары республикалық және халықаралық жарыстарға қатысып, тек биылдың өзінде 2144 жүлделі орын алып, медальдарға ие болған. Оның ішінде Қазақстан Республикасының чемпионаттарында 668 алтын, 557 күміс, 669 қола қоржынымызға түсті. Өрендеріміз Азия чемпионаттарында 68 алтын, 60 күміс, 39 қола, Әлем чемпионаттарында 32 алтын, 25 күміс, 16 қола медальды қанжығасына байлады.

2024 жылғы 10 айдың қорытындысы бойынша 2 мемлекетке еңбегі сіңген жаттықтырушы, 15 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 83 ҚР спорт шебері, 614 спорт шеберлігіне үміткер спортшы дайындалды.

Сонымен қатар, биыл Франция мемлекеті, Париж қаласында өткен жазғы Олимпиада ойындарына Шымкент қаласынан 7 спорт түрі бойынша 12 спортшы қатысты. Нәтижесінде, семсерлесу спорт түрінен Эльмир Алимжанов пен Ерлік Сертай командалық есепте 6-орынға табан тіреді. Сонымен қатар, қыркүйек айында Астана қаласында өткен Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында Шымкент қаласынан 18 спортшы 10 спорт түрінен қатысып, 16 жүлделі орынды жеңіп алды. Бұл аймақ үшін зор мақтаныш. Осындай спорт саңлақтарының жеңісті жолын жалғастыратын жастарды тәрбиелей алсақ біз үшін үлкен мәртебе. Біздің алдағы жұмысымыз да жас чемпиондарды қатарға қосып, аймақ халқын салауатты өмір салтын үндеуге бағытталмақ.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

• ПӘРМЕН

СОТ ШЕШІМІ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

Сот актілерінің сапалы орындалуы азаматтардың сот жұмысына, судьялар біліктілігіне, елдегі әділдікке деген сенімін нығайтады. Соған орай, сот актілерін дер кезінде, талапқа сай орындатуға айрықша көңіл бөлінеді.

Сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін атқару парағы жазылатыны белгілі. Атқару парағын бірінші сатыдағы сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін немесе іс жоғары тұрған соттан қайтарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жазып береді. Бұл құжатқа сот актісінің көшірмесі не соттың мөрімен куәландырылған оның үзіндісі қоса тіркеледі. Әрі қарай шешімді орындау сот орындаушыларға және жеке сот орындаушыларға жүктеледі. Әрине, соттың талабына бағынып, шешімді дер кезінде орындайтын азаматтар аз емес. Осындай жауапты жандардың ынтасымен атқарушылық құжат орындалған жағдайда сот орындаушы он жұмыс күні ішінде бұл туралы шешім шығарған сотты хабардар етуі шарт. Сондай-ақ шешім орындалмай, еліміздегі «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңда белгіленген орындау мерзімі өтіп кеткен жағдайда, оның себептерін көрсете отырып ақпарат берілуі міндет.

Азаматтарға сот шешімін орындамау заңдық жауаптылыққа соқтыратынын ұдайы ескертіп отырған абзал. Атқарушылық құжат дәлелсіз себептермен орындалмаған кезде, сот орындаушысы өндіріп алушының өтініші бойынша борышкерге мәжбүрлеу шараларын қолдана алады. Берешекті өндірудің мәжбүрлі шаралары заңда айқындалған. Соған сүйене отырып сот орындаушылар жауапсыз борышкерлердің Қазақстан Республикасының шекарасынан шығуына уақытша шектеу қойып, лицензиялар, рұқсаттар мен арнайы құқықтар беру және оларды қолдануға уақытша шектеу қоюға құқылы.

Берешегі барлардың сот шешімін орындаудан қасақана жалтарып, түрлі қитұрқылыққа баратын да кезі көп. Мұндай теріс әрекет дәлелін тапқан жағдайда арнайы жауаптылық қарастырылған. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 125-бабы 1-тармағында сот актілерін орындамағаны үшін борышкердің әкімшілік не қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін екендігі көрсетілген. Әкімшілік жауапкершілікке тарту сот актілерін орындаудан босатпайды. Сондықтан, азаматтар берешекті уақытылы қайтарып, ел заңдарын сыйлағаны, ортақ тәртіпке бағынғаны абзал.

Азамат ДЖУМАНАЗАРОВ,
Алматы қаласы Әділет департаменті «Мүлікті мемлекет кірісіне айналдыру бойынша аумақтық бөлімі» филиалының сот орындаушысы

• ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Сотқа дейінгі жедел тергеу, жазбаша іс жүргізу, процестік келісім секілді қысқартылған процедуралар құқық қорғау органдары мен сот жұмысын айтарлықтай жеңілдетті. Соның ішінде процестік келісімнің орны айрықша. Бұл институт әлемдік тәжірибеде өзін-өзі толық ақтаған. Ал Қазақстанда процессуалдық келісім институты 2015 жылдың 1 қаңтарынан бері қолданылып келеді.

ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМНІҢ ОРНЫ АЙРЫҚША

Осы жылдар ішінде процессуалдық келісімге келіп, еліміздегі ізгілендіру шараларының игілігін көргендер қатары қалың. Десек те, құқық қорғау органдарының бұл институттың әлеуетін көбірек пайдаланғаны қоғам үшін де, азаматтар үшін де пайдалы екенін айта кеткен дұрыс. Себебі, процессуалдық келісімнің түпкі мақсаты өзінің теріс әрекетін түсініп, жасаған қылмысына шын өкініш білдірген азаматтардың жазасын жеңілдетуге, қалыпты өмірге оралуына мүмкіндік беру. Сонымен қатар, бұл институт қылмыстарды жылдам және толық ашуға, тергеп-тексеру амалдарын жеңілдетуге оң әсер етеді.

Процестік келісім қылмыстық процестің кез келген сатысында жасалады. Қылмыстық процестік кодексте дәйектелгендей, мұндай келісім прокурор мен күдікті, айыпты немесе сотталушы арасында немесе сотталған адам арасында түзіледі. Процестік келісімді қолданудың реті де нақтыланған. Яғни, заңнамаға сүйене отырып тек онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша – күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен айыптаумен келіскен жағдайда – кінәні мойындау туралы мәміле нысанында жүргізіледі.

Процессуалдық келісім институтын полиция органдары, сыбайлас жемқорлық және басқа да қылмыстар бойынша сотқа дейінгі тергеу органдар да белсенді қолданып келе жатқанын айта кетуіміз керек. Яғни, процессуалдық келісім жасауда елімізде бірыңғай тәжірибе қалыптасқан. Десек те, халықтың бұл институтты қолдану бойынша құқықтық сауатын арттыру әлі де тұрақты жүргізілуі керек.

Кінәні мойындау туралы мәміленің өзіндік тәртібі бар. Бұл жерде айыпталушының іс жүргізу келісімін өз еркімен жасасуға тілегі; айыпталушының тағылған айыпты және қылмыстық іс бойынша бар дәлелдемелерді дауламауы; жәбірленушінің іс жүргізу келісімін жасасуға келісімі сияқты шарттар сақталуы қажет. Осы талаптар толық орындалған жағдайда процестік келісімге жол беріледі. (ҚІЖК-нің 613-бабы). Ал ынтымақтастық туралы іс жүргізу келісімін жасасу кезінде жәбірленушінің келісімі талап етілмейді.

А.ТІЛЕПОВА,
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

• БІТІМ

ПАРТИСИПАТИВТІК РӘСІМНІҢ ТИІМДІЛІГІ ЗОР

Азаматтарға медиацияның маңызын түсіндіру артық. Медиативтік келісімнің артықшылығына тәжірибе барысында көз жеткізген қарапайым халық дауды сот залында емес, өзара келісіммен шешудің тиімділігін жақсы біледі. Бұған «Медиация туралы» заңды таныстыру, ақпараттық-насихат жұмыстарын жолға қою арқылы қолжеткізілгені даусыз.

Дауларды сотқа дейін реттеудің заңдық тәсілінің бірі – партисипативтік келісім. Бұл тетік Азаматтық іс жүргізу кодексінде көрініс тапқан. Мұндай рәсім екі тарап адвокаттарының дауды реттеуде тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы судьяның қатысуынсыз жүргізіледі. Осы ретте тараптар сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы өтінішхатты мәлімдеуге құқылы екенін ескерген жөн.

Партисипативтік келісім де медиативтік келісім мен тараптарды татуластыру әдісі секілді дауды бейбіт жолмен реттеуге, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және қоғамда заң мен сотқа деген құрметті арттыруға бағытталған. Партисипативтік рәсімнің басқалардан айырмашылығы екі тарап адвокаттарының қатысуымен жасалуында.

Жалпы алғанда, жеке тұлғалар да, заңды тұлғалар да, олардың адвокаттары да партисипативтік рәсімнің тараптары бола алады. Осы тұста партисипативтік келісімнің жиі қолданылуы тараптардан бұрын, екі жақ адвокаттарының ынта, ықыласына байланысты екенін мойындауымыз керек. Себебі заңнан хабарсыз, құқықтық көмекке зәру азаматтар адвокаттардың кеңесімен ғана шешім қабылдайды. Ал кейбір адвокаттарға қорғауындағы адамның партисипативтік келісімге келгенінен гөрі, сот сатыларына арызданып жүре бергені тиімді. Тараптардың қаржылық, құқықтық пайдасынан, өзінің материалдық игілігін жоғары қоятын адвокаттар партисипативтік келісімді насихаттауға құлық танытпайды.

Десек те, қорғауындағы азаматтың жағдайын ойлап, дауды әуре-сарсаңсыз, өкпе-ренішсіз, ортақ келісімге келтіру арқылы шешуге тырысатын адвокаттар да қоғамда аз емес. Осындай тараптардың мүддесіне сай жұмыс істейтін, заңның ізгі тетіктерін оңтайлы пайдалана білетін адвокаттардың арқасында елімізде партисипативтік келісімдердің саны жылдан-жылға көбейіп келе жатқаны қуантады.

Партисипативтік рәсім шеңберіндегі келіссөздер жазбаша нысанда жасалады. Екі жақ қол жеткізген келісімге тараптар қол қояды. Іс барысында сот партисипативтік келісімнің шарттары ешкімнің құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін бұзбайтынын және заңға қайшы келмейтінін анықтауы керек. Тек осыдан кейін ғана азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде тараптар арасында жасалған партисипативтік келісімді сот бекітеді. Партисипативтік рәсімнің тараптары бұл туралы сотқа жазбаша нысанда хабарлай отырып, оның кез келген сатысында келіссөздерден бас тартуға құқылы.

Міне, осындай дауды тиімді, оңтайлы реттеуді көздейтін рәсімді насихаттау баршамызға міндет.

Тұрғанкүл МАДИХОЖАЕВА,
Әуезов аудандық №2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

• БЕЗБЕН

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінде «ЕАЭО елдерінде еңбек заңнамасын реформалау және цифрландыру жағдайында еңбек шартын, келісімшартты жетілдіру» тақырыбында жыл сайынғы халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Аталмыш шара заң ғылымының докторы, профессор Көбен Әбжановтың 95 жылдығына арналды және университеттің 90 жылдығына орайластырылды.

Шараны заң факультетінің Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы ұйымдастырды. Конференция жұмысына еңбек құқығы, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы, әлеуметтік құқық, азаматтық құқық саласындағы жетекші отандық және шетелдік ғалымдар, кәсіподақ өкілдері, К.Әбжановтың жақындары қатысты.

Конференция модераторы, заң ғылымының кандидаты, доцент Тілеуқабыл Абайдильдинов мерейтой иесіне қатысты бірнеше қызықты оқиғаны айтып, қатысушыларды серпілтіп тастады. Профессор Аманжол Нұрмағамбетов Көбен Әбжанұлының өмір жолы туралы әңгімеледі. Еңбек құқығы ғылыми мектебінің негізін қалаушы ретіндегі мерейгер өмірі қазақстандық құқық ғылымының даму тарихымен тығыз байланысты.

1953 жылы ол кандидаттық диссертация қорғады, ал 1964 жылы Мәскеуде «Кеңестік құқық бойынша еңбек шарты» атты іргелі монографиясын жариялады. Сол жылы Көбен Әбжанұлы докторлық диссертация қорғап, Кеңестер Одағының еңбек құқығы саласындағы ең жас және болашағы зор ғалымына айналды. Оның еңбектері бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы Игорь Рогов конференцияға қатысушылар алдында құттықтау сөз сөйлеп, өтіп жатқан халықаралық шараның маңызы мен мәнін атап өтті. Игорь Иванович еңбек құқығынсыз құқықтық мемлекетті де, әлеуметтік мемлекетті де құруға болмайтынын айрықша атап көрсетті. Сондықтан да әлеуметтік мемлекетте еңбек құқығы өте маңызды.

М.Ломоносов атындағы ММУ заң факультетінің еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі, профессор Александр Куренный саланың күрделі заманауи проблемаларына тоқталды. Ресейлік ғалым Сергей Чуча еңбек саласындағы жаһандық өзгерістер жағдайына еңбек құқықтық қатынастары теориясын бейімдеу проблемаларына жіті назар аударса, В.Тимирязов атындағы Қазан инновациялық университетінің (ИЭУП) заң факультеті деканының орынбасары Кирилл Томанашевский Беларусь, Қазақстан және Өзбекстан заңнамаларын мысал ете отырып, іссапарға жіберу және өзге жұмыс берушілерге уақытша ауыстыру институттарының проблемалық аспектілеріне тоқталды.

Конференция жұмысына кәсіподақтардың салааралық бірлестіктері де белсенді қатысты. Олардың арасында «СЕНІМ» денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы облыстық бөлімінің төрағасы Төребек Қуанов баяндама жасады. Сондай-ақ шарада кәсіподақ қызметі бойынша философия докторы (PhD), азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының доценті міндетін атқарушы Д.Рысқалиевтің баяндамасы тыңдалды. Дәулетбай Оразғалиұлы кәсіподақтардың салааралық бірлестіктерімен белсенді жұмыс жүргізеді

Осындай маңызды жиындар кезінде кафедрада үздік студенттерді атап өту дәстүрге айналған. Заң факультетінің екінші курс студенттері Дүзелдіков Тимур мен Алдари Кенесарыға Алматы қаласының нотариусы П.Қанағатова 50 000 теңгеден сертификат тапсырды. Бұл олардың оқуға деген құлшынысын арттырарына күмән жоқ.

Конференция нәтижесі бойынша ҚР Парламентіне, Әділет министрлігіне ұсыныстар әзірленді, сондай-ақ «Әбжанов оқулары» бірыңғай тақырыптық тұғырнамасы бойынша жыл сайынғы халықаралық конференцияларды өткізу туралы шешім қабылданды. Конференцияның үздік материалдары жинаққа енгізіледі. Ол студенттерге, оқытушылар мен тәжірибеден өтуші заңгерлерге таптырмас көмекші болары анық.

С.ТЫНЫБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының профессоры
О.ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кәсіподағы төрағасының орынбасары

• КӨЗҚАРАС

ӘДІЛ БИДІҢ ЕЛІН ДАУ АРАЛАМАЙДЫ

Сот – кез келген даудың түйінін тарқатып, әділдігін айтып, тура төрелік жасайтын мәртебесі жоғары орган. Халқымызда «Әділ бидің елін дау араламайды, Әділ патшаның елін жау араламайды» деген мақал қара қылды қақ жарып, әділін айтатын билердің қадірін айғақтап тұрғандай. Ал бүгінгі судьялар осы билердің ізін жалғаушы.

Меруерт ТОҒЫЗБАЕВА,
Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

2023 жылы еліміздің кәсіпкерлерімен кездесу барысында Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев әкімшілік әділетті күшейтіп, азаматтардың құқықтарын сапалы қорғауды қамтамасыз ету үшін жекелеген кассациялық соттар құрудың маңыздылығы туралы атап өтті. Осының негізінде 2025 жылдың 1 шілдесінде апелляциялық және қайта қараудың бірыңғай қағидалары бар үш дербес кассациялық сот құрылады.

Кассациалық сот дегеніміз – бұл жоғары сот инстанциясы, оның басты мақсаты – сот шешімдерінің заңдылығын қайта қарау болып табылады. Елімізде сот шешімдері апелляциялық және кассациялық тәртіппен қайта қаралады. Қазіргі таңда Жоғарғы Соттағы кассациялық алқада істер Жоғары Сот төрағасының ұсынуы бойынша және ҚР Бас прокурорының наразылығы бойынша жүзеге асырылады.

Президент тапсырмасына сай құрылатын сот жүйесіндегі жаңа модель – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, қорғауға оң әсер ететін болады. Сонымен қатар, сот төрелігінің сапасын және азаматтардың жалпы соттарға деген сенім деңгейін арттыруға ықпал етеді. Заңнамалық түсіндірмелер беріп, құқықтық мәдениетті дамытуда маңызды рөл атқарады.

Бұрын кассациялық шағымдар тікелей Жоғарғы Сотқа берілсе, енді жаңадан құрылатын институттың міндетіне жатқызылады. Бұл сот жүйесі – төменгі органдар шығарған сот шешімдерінің нормаларының сақталуына баса назар аударып, заңдардың дұрыс қолданылуы мен түсіндірілуін қадағалайды, соңғы шешуші инстанция ретінде әрекет етеді. Яғни, төменгі сатыдағы соттың шешімі заңсыз немесе негізсіз деп танылса, кассациялық сот оның күшін жойып, істі жаңадан соттың талқылауына жіберіп немесе түпкілікті шешім қабылдауы мүмкін. Өз кезегінде шешімдердің сапасын арттыра отырып, заңдардың дұрыс әрі біркелкі қолданылуын қамтамасыз етеді. Істі кассациялық сотта қарағаннан кейін шешімге шағымдануға мүмкіндік болмайды. Сондықтан кассациялық соттың шешімі түпкілікті және міндетті болып табылады.

Мамандығы адам тағдырына тікелей байланысты – судьяның көтерер жүгі жеңіл емес. Халқымызда «Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары бар» дейді. Еліміздің сот жүйесіндегі барлық оң өзгерістер мен жаңашылдықтар ел сеніміне ие болып, халық үмітін ақтау үшін аянбай еңбек етеді деп сенемін.

• МЕЖЕ

ТӘРТІП ОРТАҚ

Заңдар қоғамдағы тәртіп пен тепе-теңдікті орнатады. Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай, «Тәртіпке бас иген құл болмайды». Сондықтан, әр адамның және жалпы қоғамның басты міндеті – ол заңға бағыну. Егер заңдар болмаса, тәртіпсіздік пен бассыздық орнап, мұндай ортада өмір сүру қорқынышты болар еді.

Заң – қоғамдағы бейбітшілік пен әділеттілікті қамтамасыз ететін және адамдар арасындағы қатынастарды реттейтін құрал. Азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген азаматтық құқықтарды, соның ішінде өздерін қорғау құқығын өз қалауынша пайдаланады және басқа тұлғаға зиян келтіруге, құқықты өзге нысандарда теріс пайдалануға, сондай-ақ құқықты оның мақсатына қайшы келетіндей етіп жүзеге асыруға бағытталған әрекеттерге жол берілмейді. Заңның ең басты мақсаты – қоғамдағы әртүрлі мінезді адамдарды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Әрбір адамның өз құқығын, оның шегін жетік меңгеріп білуі, қоғамда болып жатқан әрекеттердің заңға қарама-қайшылығын немесе сәйкестігін сараптай алуы оның құқықтық сауаттылығымен тікелей байланысты.

Заман ағымына сай заңнамаларға өзгерістер енгізіліп тұрады. Азаматтар да осы ағымнан қалмай, қатар жүруге үйренуі тиіс. Себебі, біздің өз құқығымыз бен заңды жетік білуімізден жауапкершілігіміз туындайды. Әрине, барлық адамның заң баптарын жаңылмай айта алуы шарт емес. Десек те, адамның өмірі мен қызметіне қатысты құқықтық-заңдық сауаттылығының тым төмен болуы оны талай бас ауыртар мәселемен бетпе-бет жүздестіруі мүмкін. Құқықтық білімнің керек емес жері жоқ. Қайда барсаң да алдыңнан құқық саласына қатысты мәселе көлденең шығады. Сондықтан, заңды білуге әркім ұмтылуы тиіс.

Жанаргүл КИЯРОВА,
Атырау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының әкімшісі

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС тұтынушыларға Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2024 жылғы 27 тамыздағы №93-ОД бұйрығымен 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап жылу энергиясын беру, тарату және жабдықтау бойынша қызметтерге келесі тарифтердің енгізілетінін хабарлайды:

«Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты жылу энергиясымен жабдықтау қызметтеріне сараланған тарифтері

(ҚҚС-мен)

№	Тұтынушылар атауы	Өлшем бірлігі	2025 ж.01.01.
I	**Жылу энергиясын беру, тарату және онымен жабдықтау тарифі**	Теңге/Гкал	**4 852,90**
II	**Орташа босату тарифі**	Теңге/Гкал	**12 117,87**
1	Халық тобына кіретін, жеке тұлғалар тарифі- тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	**8 846,05**
1.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы-тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	10 615,26
1.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы-тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	8 682,80
1.3	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ ескірген, апаттық жағдайларда, барак тәрізді үйлерде тұратын жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы-тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	8 846,05
2	Өзге де тұлғаларға арналған тариф	Теңге/Гкал	**16 226,38**
2.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	21 094,29
2.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	15 658,74
2.3	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ ескірген, апаттық жағдайларда, барак тәрізді үйлерде тұратын бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	Теңге/Гкал	16 226,38
3	Бюджеттік ұйымдарға арналған тариф	Теңге/Гкал	**26 343,97**
3.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, бюджеттік ұйымдарға арналған тариф	Теңге/Гкал	26 055,86
3.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, бюджеттік ұйымдарға арналған тариф	Теңге/Гкал	39 515,36

Алматы қаласының тұтынушылары үшін жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар жеке тұлғалардың жылу энергиясын өндіу, беру, бөлу және жабықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тұтыну көлеміне қарай тұтынушылардың кіші топтары бойынша сараланған тарифер, теңге/Гкал

(ҚҚС-мен)

Кіші топтар		2025 ж.01.01.
1-кіші топ	халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын аудан 100 м2 -ге дейін	8 846,05
2-кіші топ	халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын аудан 100-ден астам және 200 м2-ге дейін	9 730,65
3-кіші топ	халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын аудан 200 м2 -ден астам	12 117,87

Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ, «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тұтынушылары үшін ыстық сумен жабдықтау және жылыту үшін төлем мөлшері

(ҚҚС-мен)

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	2025 ж.01.01.
I	Жылыту кезеңінде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем		
1.	Ашық жүйесі		
1.1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	2 272,17
1.1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	1 081,99
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	1 298,38
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	2 596,76
1.2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	658,37
2.	Жабық жүйесі		
2.1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	2 034,14
2.1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	968,64
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	1 162,37
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	2 324,74
2.2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	689,99
II	Жылытуаралық кезеңде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем		
3.	Ашық жүйесі		
3.1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	1 865,34
3.1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	888,26
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	1 065,90
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	2 131,82
3.2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	605,29
4	Жабық жүйесі		
4.1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	1 627,32
4.1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	774,92
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	929,89
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	1 859,79
4.2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	530,77
5.	Жылыту үшін төлем		
5.1.	Қазан	айына теңге/м²	54,88
5.2.	Қараша	айына теңге/м²	253,39
5.3.	Желтоқсан	айына теңге/м²	344,57
5.4.	Қаңтар	айына теңге/м²	380,77
5.5.	Ақпан	айына теңге/м²	320,79
5.6.	Наурыз	айына теңге/м²	257,31
5.7.	Сәуір	айына теңге/м²	12,42

Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ, «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, ескі, апаттық үй-жайларда, барак үлгісіндегі үйлерде тұратын және орналасқан тұтынушылар үшін ыстық сумен жабдықтау және жылыту төлемінің мөлшері

(ҚҚС-мен)

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	2025 ж.
I	Жылыту кезеңінде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем		
1.	Ашық жүйесі		
1.1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	1 933,14
1.1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	920,55
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	1 104,66
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	2 209,31
1.2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	561,06
2.	Жабық жүйесі		
2.1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	1 695,12
2.1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	807,21
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	968,64
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	1 937,29
2.2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	575,00
II	Жылытуаралық кезеңде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем		
3.	Ашық жүйесі		
3.1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/ адам	1 594,12
3.1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	759,10
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	910,93
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	1 821,85
3.2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	516,82
4	Жабық жүйесі		
4.1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/ адам	1 356,10
4.1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	645,76
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	774,92
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	1 549,82
4.2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	442,30
5.	Жылыту үшін төлем		
5.1.	Қазан	айына теңге/м²	45,73
5.2.	Қараша	айына теңге/м²	211,15
5.3.	Желтоқсан	айына теңге/м²	287,15
5.4.	Қаңтар	айына теңге/м²	317,31
5.5.	Ақпан	айына теңге/м²	267,33
5.6.	Наурыз	айына теңге/м²	214,42
5.7.	Сәуір	айына теңге/м²	10,35

ТАРАТУ

2. «МАҚСАТ-МАЙ» өндірістік кооперативі (БСН 240440003136) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Арал ауданы, Қарақұм ауылдық округі, Абай ауылы, Абай көшесі, 190-үй, тел. 8777-959-51-77; 8778-252-72-67, Мусаев Нурлан Жаксыбаевич.

3. «Фройндшафт» неміс этномәдени орталығы» ЖШС (БСН 161240019785) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төле би ауылы, Төле би көшесі, 130-үй, пошта индексі 081100, тел. 87784168272.

4. «Справимся вместе» ЖШС (БСН 240140035976) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Мамыр-4 ықшам ауданы, 49-үй, тел. 87083189057.

8. «TESIM TEKNOLOJI ENDUSTRIYEL SISTEMLER MAKINA IMALAT ITHALAT IHRACAT SANAYI VE TICARET ANONIM SIRKETI» компаниясының филиалы (БСН 231241014190) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Маресьева көшесі, 82-үй, 3-корпус, 11-пәтер.

9. «KentauStroyService» ЖШС (БСН 201140031710) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Кентау қаласы, Хантағы ауылы, Достық көшесі, 57-үй, тел. 87028979987.

10. «Alihan 2021» ЖШС (БСН 210940039175) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылдық округі, Шелек ауылы, тұйық көше Көкөзек, 3-үй, пошта индексі 040462, тел. 87475151915.

11. «Шапағат» қоғамдық қоры (БСН 101140002022) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Онды ауылы, тел. 87293124633, 87014913830.

12. «ҚҰДАЙБЕРГЕН 2024» ЖШС (БСН 240840022454) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 180202, Абай облысы, Бесқарағай ауданы, Канонерка ауылы, Титов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87055671755.

13. «AGRIA Ltd» ЖШС (БСН 150140003979) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Клочков көшесі, 137-үй, 28-пәтер, тел. 87272457388.

14. «Қазына Sales» ЖШС (БСН 180540034077) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Таугүл шағын ауданы, 24-үй, 12-пәтер, тел. 87756943518.

